

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ



ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АТҚАРАТЫН
ДІНИ РӘСІМДЕР ТІЗІЛІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы
2019 жыл 23 қазан

ҚМДБ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АТҚАРАТЫН ДІНИ РӘСІМДЕР ТІЗІЛІМІ

1. СӘБИГЕ АТ ҚОЮ

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) баланың құлағына азан шақырып, жақсы есім қоюды үмбетіне өсиет еткен. Ата-ана жеті күн ішінде өздеріне ұнаған жақсы әрі мағыналы есімді таңдап, баласына қою керек. Ат қоятын кезде имам жүзін құбылаға қаратып, баланың оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтады, сәбиге және оның ата-анасына игі дұға жасайды. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) немересі Хасан туған кезде оң құлағына азан шақырып, сол құлағына қамат айтқан.

Балаға ат қоюмен бірге ақиқа рәсімін де өткізуге болады. «Ақиқа» – сәбидің дүниеге келуіне орай Алла Тағалаға шүкіршілік ретінде сойылатын құрбандық. Үкімі – мубах (яғни істеуі немесе істемеуі адамның өз еркінде). Мүмкіндігі болса, қыз балаға бір қой, ұл балаға екі қой сойылады. Ақиқа құрбандығын жетінші күннен бастап балиғат жасына жеткенге дейін шалуға болады.

Ақиқа құрбандық етін шалған адамның өзі жейді немесе көпшілікке дастархан жайып, дәм таттырады. Оған имамдар т.б. дін қызметкерлері қатысып, ақиқаның мәнін түсіндіріп, сәбиге дұға жасайды.

2. БАТА БЕРУ

Бата беру үрдісінің түп-төркіні асыл дініміз Исламда жатыр. Сахабалар Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла Тағаладан өздері үшін дұға тілеуін сұрайтын. Сондай-ақ халқымызда бата сұрау, бата беру байырғы қазақ халқынан бүгінгі күнімізге дейін еш үзіліссіз жалғасып келе жатқан дәстүрі. Бата адамға рухани күш-қуат сыйлаумен қатар пендені имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді. Сүннет бойынша бата жасаған кезде құбылаға қарап, екі алақанды жайып, Аллаға мадақ, Пайғамбарға салауат айтумен бастап, тілеуін тілеп, бетті сипаумен аяқтайды. Әдетте, батаны ауылдың ақсақалдары, ғалымдар, имам-молдалар т.б. береді.

3. СҮНДЕТ ТОЙДЫҢ БАТАСЫН БЕРУ

Ер баланы сүндетке отырғызу – Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті. Хадисте бес фитраттың (жаратылыстың) бірі ретінде сүндетке отырғызуды атап өткен. Шарифатта сүндеттеудің уақыты нақты белгіленбеген. Бала сүндеттеуді көтере алатын уақыттан бастап балиғат жасына дейін орындай береді. Халық түсінігінде баланы сүндетке тақ жасында, яғни үш, бес, жеті жаста отырғызады. Имам-молдалар ұл баланың сүндет тойына қатысып, оның иманды, білімді, жігерлі болуын тілеп дұға етеді. Сондай-ақ жиналған дүйім жұртқа уағыз-насихат айтып, мұсылманның міндеттерін түсіндіреді.

4. ҚҰРБАНДЫҚ БАТАСЫН БЕРУ

Құрбан айт күндері құрбандық шалу – нисап мөлшеріне жеткен (85 грамм алтын, яки құнына тең келетін ақша) азат, ақыл-есі дұрыс, құрбан айт уақытында жолаушы болмаған мұсылманға уәжіп. Құрбандыққа түйе, сиыр, қой, ешкі шалынады. Олардан басқасын союға болмайды.

Құрбандық малын соятын кезде: «Уа, Алла! Намазымыз бен ғибадаттарымыз, расында, бүкіл әлемнің иесі – Алла Тағала үшін, өміріміз бен өліміміз де – Оның иелігінде. Оның серігі жоқ. Уа, Алла! Мына құрбандықты қабыл ет!» деп дұға етіледі. Құрбандықтың үкімі, маңыздылығы түсіндіріліп, уағыз-насихат айтылады.

5. САПАР БАТАСЫН БЕРУ

Ұзақ жолға шығып бара жатқан адамға «сапары оң болсын, елге аман-есен оралсын» деп дұға етіледі. Әнас ибн Мәлик (р.а.) Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Мен сапарға шығып барамын, маған өсиет айтыңыз» дегенде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алланың қорғауы мен қолдауында бол! Алла саған тақуалықты азық қылсын, күнәңді кешірсін және қайда бет алсаң да сені жақсылыққа бағыттасын!»* деп дұға еткен.

6. ҚҰРАН ҮЙРЕТУ

Ілім алу, сауатты болу – Ислам дінінің басты талабы. Тал бесіктен жер бесікке дейін білім үйрену – әрбір мұсылманға міндет. Сондықтан әрбір мұсылман Раббысын танып, діни білім алуы керек. Ал діни білім беру – дін қызметкерлерінің жауапты міндеттерінің бірі.

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Сендердің ең жақсыларың – Құран үйреніп, (басқаларға) үйреткендерің»*, – деген. Құран Кәрімді үйрену әліппе, тәжүид, алты калима, қысқа сүрелер мен таңдаулы аяттар және намаз кезіндегі зікірлер мен дұғаларды оқудан басталады. Құран оқушы толық дәрет алып, құбылаға қарап, мұқият, асықпай оқуы керек.

7. АЗАН АЙТУ

Азан – мұсылмандарды бес уақыт және жұма намазына шақыратын шариғат рәсімдерінің бірі. Үкімі – бекітілген сүннет. Азаншы ер кісі, ақыл-есі түзу, тақуа, дауысы әуезді, азанның шарттарын және намаз уақыттарын жақсы білетін адам болуы керек. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Азанды жақсыларың шақырсын, Құранды көп білетіндерің имам болсын»*, – деген. Азан шақырып болған соң азан дұғасы оқылады. Ал парыз намазды бастағанда қамат айтылады.

8. БЕС УАҚЫТ НАМАЗДЫ ӨТКІЗУ (ИМАМДЫҚ ЕТУ)

Ханафи мәзһабында бес уақыт намазды жамағатпен оқу – ер кісілер үшін бекітілген сүннет. Имамдыққа ақыл-есі түзу, балиғатқа толған, қырағаты дұрыс, үзірден ада мұсылман ер адам шығады.

Бес уақыт намаз өз уақытында оқылуы тиіс. Имам таң намазының парызында және ақшам мен құптан намаздарының

алғашқы екі ракағатында сүрелерді дауыстап оқиды. Қалған намаздарды іштей оқиды. Таң мен бесін намаздарында ұзын, екінті, құптан намаздарында орта және ақшам намазында қысқа сүрелерді оқу – сүннет. Намаз соңында тасбих және арнайы дұғаларды оқып, намазды аяқтайды. Мешіт және намазханаларда бес уақыт намазға имамдықты ҚМДБ-ның бұйрығы бар жергілікті имамдар атқарады.

9. ЖҰМА НАМАЗЫН ӨТКІЗУ

Жұма намазы – жұма күні жамағатпен оқылатын ғибадат. Ол – балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс, азат, дені сау әрбір тұрғылықты мұсылман ер адамға парыз. Жұма намазы бесін уақытында оқылады. Жұма намазының оқылу тәртібі мынадай: бірінші азан айтылғаннан кейін төрт ракағат сүннет оқылады. Екінші азан шақырылғаннан соң имам құтба оқиды. Одан кейін қамат түсіріліп, екі ракағат парыз намазы оқылады. Соңынан төрт ракағат сүннеті оқылып, тасбих тартып, Құран бағыштап, дұғамен аяқтайды.

10. ТАСАТТЫҚ (ИСТИСҚА) НАМАЗЫН ӨТКІЗУ

Истисқа – құрғақшылық кезінде Алла Тағаладан жаңбыр сұрап, дұға ету. Имам көпшілікпен бірге қала не ауылдың сыртына өзінің әлсіздігі мен мұқтаждығын көрсетіп, Алладан қорыққан, жалбарынған күйде шығады. Жаңбыр тілеуге шыққан жұртшылық истисқа намазын оқыса да болады немесе тек дұға, истиғфармен (кешірім тілеу) шектелсе де жеткілікті. Имам жамағатқа уағыз айтады, күнәларына тәубе етіп, Алла Тағаладан кешірім сұрауға, араздасқандарды татуласуға шақырады. Соңынан имам құтба оқып, құбыла тарапқа қарап, Алла Тағалаға дұға етіп, жаңбыр жаууын сұрайды.

11. КҮН ТҰТЫЛУ (КУСУФ) НАМАЗЫН ӨТКІЗУ

Кусуф намазы – күн тұтылған кезде мешітте жамағат болып оқылатын екі ракағат нәпіл намаз. Кусуф намазына азан да, қамат та айтылмайды, құтба да оқылмайды. Бұл намазды имам ұзақ

сүрелерді қосып, іштей оқиды. Күннің сәулесі ашылғанға дейін Алла Тағалаға мақтау және тасбих айтып, дұға етеді.

12. РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ ДІНИ РӘСІМДЕРДІ АТҚАРУ

Рамазан айында ораза тұту – әрбір ер және әйел мұсылманға парыз. Ал арапа, ашура т.б. күндері ораза ұстау нәпіл болып есептеледі. Рамазан айының басталуы мен аяқталуын және діни мереке күндерін, сондай-ақ, ауыз бекіту мен ауыз ашу кестелерін ҚМДБ бекітеді. Имамдар жамағатқа оны насихаттайды және ораза ұстау тәртібі мен шарттарын үйретеді.

13. АУЫЗАШАРДА ҚҰРАН ОҚУ, БАТА БЕРУ

Ауызашар дегеніміз – ораза ұстаған адамның күн батқаннан кейін тамақтануы. Ауызашар уақытында алдымен ауызашар дұғасын оқып, құрма немесе таза сумен ауыз ашады. Ауыз бекіткен адамдардың аузын аштыру – сауабы мол амал. Алла Елшісі: *«Кімде-кім ораза ұстаушының аузын аштырса, ораза ұстаған адамның сауабындай сауап алады»*, – деген. Осы сауапты алу мақсатында Рамазан айында ораза ұстаған адамдарды ауызашарға шақыру қазақ халқында дәстүрге айналған. Бұған имам-молдалар да шақырылады. Имам жиналған қауымға уағыз-насихат айтып, Құран оқып, дұға жасаумен аяқтайды.

14. ТАРАУЫҚ НАМАЗЫН ӨТКІЗУ

Тарауық намазы – рамазан айында құптаннан кейін, үтірден бұрын жиырма ракағат оқылатын ғибадат. Ол екі ракағат етіп оқылады. Әр төрт ракағат оқылғаннан кейін тасбих айтылады. Тарауық намазын оқу – бекітілген сүннет. Оны мешітте жамағатпен оқудың сауабы мол. Рамазан айында тарауық намазында Құранды бір рет хатым ету – сүннет.

15. ҚАДІР ТҮНІН ӨТКІЗУ

Қадір түні – ұлық және аса қадірлі, Алланың тағдырды үкім ететін түні дегенді білдіреді. Бұл түн рамазан айының соңғы он күнінің тақ түндеріне сай келеді. Көпшілік ғұламалар Қадір түнін 26-нан 27-не қараған түніне сәйкес келетінін айтқан. Қадір түнін көбірек намаз оқу, Құран оқу, салауат айту, күнәсына жарылқау тілеу сияқты құлшылықтармен өткізген жөн. Имамдар мешітте осы құлшылықтарды ұйымдастырып, жамағатқа уағыз-насихат айтады. Қадір түнінің қадір-қасиетін түсіндіреді.

16. ИҒТИКАФТЫ ӨТКІЗУ

Иғтикаф дегеніміз – жамағатпен намаз оқылатын мешітте Аллаға жақындау мақсатымен, белгілі уақытқа ниет етіп, ешқайда шықпай құлшылық ету. Рамазан айының соңғы он күнінде иғтикафқа кіру – бекітілген сүннет. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Рамазанның соңғы он күнін иғтикафпен өткізген. Иғтикафты Құран оқу, Алланы зікір ету, салауат айту секілді ғибадаттармен өткізу керек. Иғтикафты мешіт имамдары ұйымдастырады әрі тәртібі мен дұрыс орындалуын қадағалайды.

17. ОРАЗА АЙТ НАМАЗЫН ӨТКІЗУ

Ораза айты ай күнтізбесі бойынша рамазан айы біткеннен кейін, шәууәл айының алғашқы күні басталады. Ораза айт намазын оқу – уәжіп. Ол жамағатпен жария түрде оқылатын екі ракағат намаз. Оның басқа намаздардан ерекшелігі, әрбір ракағатында үш қосымша тәкбір айтылады. Айт намазына азан мен қамат айтылмайды. Айт намазы біткеннен кейін имам құтба оқып, халыққа уағыз айтады. Соңынан тасбих тартып, Құран бағыштап дұғамен аяқтайды. Айт намаздарын ҚМДБ имамдары атқарады.

18. ЗЕКЕТТІ ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Зекет дегеніміз – нисап мөлшеріне толған байлыққа ие болған мұсылман дүниесінің белгілі бір бөлігін жылына бір рет Алла Тағаланың разылығы үшін Құранда көрсетілген адамдарға үлестіруі.

Зекет – Алла Тағаланың мұсылмандарға міндеттеген бес парызының бірі. Зекет алтын, күміс, түйе, сиыр, қой, ешкі, жылқы, сауда тауары және т.б. нәрселерден беріледі. Ханафи мәзһабы бойынша осы аталған байлықтың зекетін ақшалай беруге де болады. Зекеттің шарттарын, кімге берілетіндігін түсіндіру және оған қатысты іс-шараларды ұйымдастыру – ҚМДБ имамдарының міндеті.

19. ПІТІР САДАҚАСЫН ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қажеттілігін қоспағанда, мал-мүлкі, дүниесі нисабқа жеткен адамның ораза айт күнінде өзі және сәби балалары үшін пітір садақа беруі – уәжіп. Ол – оразаның қате-кемшіліктерін толтыратын, Құдайға шүкіршілік ету үшін берілетін және кедейлерді қуантатын садақа. Пітір садақаның мөлшері бидайдан екі келі және құрма, мейіз, арпадан төрт келі немесе оның ақшалай құны беріледі. Пітір садақасын рамазан айы кіргеннен бастап, ораза айт намазына дейін беру керек. Пітір садақа құны ҚМДБ тарапынан бекітіледі. Пітір садақаға қатысты іс-шараларды мешіт имамдары атқарады.

20. ҰШЫРДЫ ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ұшыр деп дақылдар мен жемістерден алынатын зекетті атайды. Суару түріне байланысты олардан ұшыр (оннан бірі, 10%) немесе жарты ұшыр (жиырмадан бірі, 5%) алынады. Егер ағын және жаңбыр суымен суарылатын болса, егін өнімінің оннан бір бөлігі, ал құдықтан немесе су диірмені секілді құралдармен суарылса, жиырмадан бір бөлігі беріледі. Ұшырдың белгіленген мөлшері жоқ. Жерден өсіп шыққан егін аз болсын, көп болсын, зекеті берілу керек. Егіншілікке кеткен шығындар жалпы өнім құнынан алынбайды.

21. САДАҚА ӘДЕПТЕРІН ТҮСІНДІРУ

Алла разылығы үшін жасалған әрбір істі және берілген затты садақа дейміз. Садақа беру сауабы мол – мұстахап амал. Оны Алла разылығы үшін ықыласпен беру қажет. Садақа беру күнәлардың кешірілуіне, бәле-жала және түрлі апаттардан аман қалуға себеп болады. Садақаны адал еңбекпен тапқан дүниесінен Алла разылығы үшін, бергенін міндетсінбей әрі жария етпей мұқтаж жандарға беру қажет. Садақа берген адамға ризалық білдіріп, мына дұға оқылады: «Уа, Алла! Осы садақа берген адамды түрлі пәле-апаттардан сақта, күнәларын кешір, иманына қуат бер, дүниесін көбейтіп, оны жақсы мақсаттарға жұмсауды нәсіп ет!».

22. ҚАЖЫЛЫҚ РӘСІМДЕРІ

Қажылық – Ислам дінінің негізгі рүкіндерінің бірі. Ол – қажылық айларында (һижри жыл санауы бойынша шәууал, зул-қағда, зул-һижжа) Мекке қаласына барып, орындалатын арнайы құлшылық. Қажылық – ақыл-есі дұрыс, балиғатқа толған, қаражаты жеткілікті, қажылық амалдарын атқаруға денсаулығы жарамды, азат мұсылманға өмірінде бір мәрте орындауы парыз. Қажылықтың парыздары үшеу: Ихрам кию, Арафат тауында тұру, Қағбаны тауап ету. Ал уәжіптері: Муздалифада тұру, Сафа және Мәруа таулары арасын сағи жасау, шайтанға тас ату, қоштасу тауабын жасау, шашын алу немесе қысқарту.

Үлкен және кіші (ұмра) қажылығын орындаушы азаматтарға жол сілтеу, құлшылықты дұрыс атқаруын түсіндіру, қажылыққа қатысты сұрақтарға жауап беру, уағыз айту әрі қажылық маусымын ұйымдастыру – ҚМДБ құзыретіндегі қызметкерлердің және имамдардың міндеті.

23. ИХРАМ

Ихрам – қажылық не ұмра өтеуші ер адам оранатын арнайы киімнің атауы. Ол – тігілмеген екі ақ матадан тұрады. Оның бірімен кіндіктен төменгі дене мүшесі оралады, ал екіншісімен кіндіктен жоғарғы дене мүшесі жабылады.

Қажылық немесе ұмраны өтеуші адам ғұсыл құйынып, екі ракағат намаз оқыған соң: «Уа, Алла Тағала! Қажылықты атқаруға ниет етемін. Маған оны жеңіл атқаруымды нәсіп етіп, оны менен қабыл ала көр!» деп ниет етіп, «Ләббайка» тәлбиясын айтумен ихрамға кіреді. Ихрамға кірген адам тігілген киім кию, аң аулау, т.б. қажылық кезінде тыйым салынған амалдарды істеуге болмайды.

24. АРАПАДА ТҰРУ

Арапа – Минадан шамамен жиырма шақырым жерде орналасқан үлкен жазық. Зул-хиджа айының тоғызыншы күні күн шыққаннан кейін қажылар Минадан Арафатқа бет алады. Арапада тұру уақыты түс ауғаннан бастап, келесі күннің (құрбан айт күнінің) таңы атқанға дейін жалғасады. Күн тас төбеден ауғаннан кейін имам қажылық рәсімдерін түсіндіріп, құтба оқиды. Соңынан имам бір азан екі қаматпен бесін мен екінті намазын қосып оқиды. Арапатта қажылар күн батқанға дейін тұрып, дұға жасайды кейін Муздалифаға жол тартады.

25. ТАУАП

Тауап (тауаф) – Қағбаны қара тас бұрышынан бастап, сағат тіліне қарама-қарсы бағытта жеті рет айналу. Қағбаны айналу кезінде қара тастың тұсына жеткенде оған сәлем беріп, оң қолды көтеріп, алақанын қарата «Аллаһу Акбар!» дейді. Йемен бұрышы мен қара тас бұрышының арасында «Раббәнә этинә фид-дуния хәсәнәтән, уә фил-ахирати хәсәнәтән, уә қинә азәбән-нәр» дұғасын оқиды. Алғашқы үш айналымында тез жүруі керек. Ал оң иығын ашып жүру үлгісін тауаптың барлық айналымдарында сақтайды. Тауап жасап болған соң екі ракағат намаз оқиды.

26. ЖАМАРАТТА ТАС АТУ

Жамарат – қажылар құрбандық шалу күні және одан кейінгі үш күнде Мина үстіртіндегі тас ататын бағаналар. Бұлар үш бағанадан тұрады: жамратус-суғра (кіші бағана), жамратул-уста (орта бағана) және жамратул-ақаба (үлкен бағана).

Құрбан айттың бірінші күні «үлкен жамаратқа» жеті тас лақтырылады. Он бірінші және он екінші күндері бірінші «кіші жамаратқа», «орта жамаратқа», соңынан «үлкен жамаратқа» жеті-жеті тастан лақтырады. Әрбір тасты лақтырғанда тәкбір, тәһлил айтады. Кіші және орта жамаратқа тас лақтырып болған соң оң жаққа қарай барып дұға етеді.

27. САҒИ ЖАСАУ

Қажылық және ұмра кезінде Сафа төбесі мен Мәруа төбесінің арасында жүру «сағи» деп аталады. Сафа төбешігіне жақындап тұрып «Бақара» сүресінің 158-аятын оқиды да Сафа төбесіне көтеріліп, Қағбаға қарап, дұға жасайды. Сосын Сафа төбешігінен түсіп, Мәруа төбешігіне қарай жүреді. Мәруа төбесіне жеткенде құбылаға қарап дұға жасайды. Екі төбешік арасында кездесетін жасыл жолақтардың арасында ерлер баяу жүгіріспен жүгіреді, ал әйелдер ақырын жүреді. Осылайша жеті рет айналып сағи жасайды. Сағидың бірінші айалымы Сафадан басталып, жетінші айалымы Мәруадан аяқталады.

28. ҚҰРБАН АЙТ НАМАЗЫН ӨТКІЗУ

Құрбан айт – намазы ай күнтізбесі бойынша зулхижжа айының оныншы күні күн найза бойы көтерілгеннен бастап, тас төбеге келгенше оқылатын екі ракағаттан тұратын уәжіп намаз. Құрбан айт намазы ораза айт намазы секілді оқылады. Имам құрбан айт намазын өтеп болған соң құтба оқып, халыққа уағыз айтады. Құтбада құрбандық шалудың үкімдерін, шарттарын және тәшриқ тәкбірлері жайында баяндап өтеді. Соңынан тасбих тартып, Құран бағыштап дұғамен аяқтайды. Айт намаздарын ҚМДБ қызметкерлері мен имамдары атқарады.

29. ДІНИ НЕКЕ ҚИЮ

Неке қию – үйлену ниеті бар ер мен әйелдің арасында куәгерлердің қатысуымен жасалатын шариғи рәсім. Неке қию – үйленіп жатқан әрбір мұсылманға міндет.

Неке қию рәсімін діни қызметкер өткізеді. Неке қию барысында болашақ ерлі-зайыптыларға мұсылман отбасындағы құқықтары мен міндеттері, некенің рүкіні мен шарттары, ажырасудың зияны түсіндіріледі әрі қызға берілетін мәһір (неке сыйлығы) нақтыланады. Имам қалыңдықтан мәһірге берілген нәрсеге разылығын сұрайды. Кейін некесін қияды, құтба оқып, дұға етеді. Екі жастың некесін ҚМДБ-ға қарасты мешіттерде арнайы белгіленген имамдар қияды.

30. УАҒЫЗ АЙТУ

Уағыз – дін мамандарының Ислам дінінде келген үкімдер мен құндылықтарды айтып, адамдарды дінге, бірлік пен ынтымаққа, қоғамның тұрақтылығына шақыру мақсатында айтылатын насихат сөздер. Уағыз жамағаттың жағдайына қарай белгілі бір тақырыпта жүргізіледі.

Уағыз-насихатты ислам оқу-орындарын бітірген мамандар айтуы керек. Себебі, уағыз-насихат айтудың өзіндік әдіс-тәсілдері мен ережелері бар.

Уағыз мешіт жамағатына жұма, бесін және құптан намаздарынан бұрын, сондай-ақ астарда және т.б. түрлі жиындар мен кездесулерде айтылады. Мешіттерде уағыздар ҚМДБ бекіткен тақырыптар бойынша өткізіледі.

31. ПӘТУА БЕРУ (Шығарылған пәтуаны таныстыру)

Пәтуа дегеніміз – шариғи үкімді баян етуді білдіреді, яғни қоғамда туындаған қандайда да бір мәселенің діни шешімін беру.

Пәтуа беруші фикһ негіздерін, методологиясын,

қағидаларын, үкім алатын аяттар мен хадистерді жетік білуі шарт. Пәтуа намаз, ораза, зекет, қажылық, мешіт мәселелері, халал өнімдері, неке-талақ (үйлену-ажырасу), мирас және басқа да өзекті мәселелер бойынша шығарылады.

Талас-тартысты мәселелер бойынша дер кезінде пәтуа беріп отыру әрі діни сұрақтарға жауап беру – дін қызметкерлерінің міндеті. Діни мәселелерді шешуде ханафи мәзһабының кітаптары мен ҚМДБ-ның Ғұламалар кеңесінде бекітілген пәтуалар мен мәлімделелер негізге алынады. Қабылданған пәтуаларды жамағатқа түсіндіру әрі жеткізу істерін ҚМДБ қызметкерлері мен имамдары атқарады.

32. МӘУЛІТ ОҚУ

Мәуліт – Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туған күнін атап өту рәсімі. Бұл мереке рабиғул әууәл айында және басқа айларда да оқыла береді. Мұнда мәуліт шәріп жырынан үзінділер, салауат және дұғалар оқылады. Мәулітте Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаяны, ахлақ-әдебі жайында уағыз-насихаттар айтылады. Мәуліт жырының арабша мәтінінен басқа қазақша нұсқаларын да пайдалануға болады.

33. ДЕМ САЛУ

Дем салу (рұқия) – көз тигенде, қорыққанда, шошығанда, ауырғанда, ақыл-есінен ауысқанда т.б. себептермен Фатиха, Ясин, Ықылас, Фалақ, Нас және басқа да таңдаулы сүрелер мен аяттарды, салауат пен дұғаларды оқу. Әркім өз-өзіне дем салуына болады немесе дем сала алатын имамның көмегіне жүгінеді. Алайда, шипаны тек Алла беретіндігіне нық сенуі тиіс.

34. ИМАН ҮЙІРУ (Талқин)

Ақтық демі таяп қалған адамның жанында имам немесе діни сауатты адам дауыстап куәлік сөзін қайталау – мұстахаб. Бірақ кәлимань айтуға мәжбүрлемейді. Пайғамбарымыз (оған

Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Жан тапсырайын деп жатқан адамға «Лә иләһә иллаллаһ» кәлимасын айтып тұрыңдар. Өйткені, өлім халіндегі мұсылман «Лә иләһә иллаллаһ» десе тозақтан босатылатынына шүбә жоқ»,* – деген. Сонымен қатар өлім төсегінде жатқан адамның алдында «Ясин» сүресін оқу абзал.

35. ОҢ ЖАҚҚА ЖАТҚЫЗУ

Қайтыс болған адамға іш дәрет алдырып, оң жағын құбылаға қаратып, салқын жерге жатқызады. Аяқтарын құбылаға созып, шалқасынан жатқызуға да болады. Мәйіттің жағын байлайды, ашық қалған көзін жұмады, киімін шешеді, аяқ-қолдарын түзеп, үстін жамылғымен жабады. Кейін өлімді халыққа хабарлап, мәйітті жерлеуге кіріседі. Кісінің жан тапсырған уақытынан бастап, қайтыс болған адамның туыстарын жұбату мақсатында «иманы саламат болсын», «артта қалғандарға өмір берсін», «топырағы торқа болсын», «арты қайырлы болсын» деген сияқты сөздермен көңіл айтылады.

36. АРУЛАУ (Мәйітті жуу)

Арулау – мәйітті жуып, жерлеуге дайындау рәсімі. Қайтыс болған ер адамды ер, әйелді әйел жууы шарт. Мәйітті жуатын адам жуу тәртібі мен әдісін, кебінге орауды білетін мұсылман болуы тиіс. Мәйітті жуатын адам әдепті де, тақуа болуы мұстахаб. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім мәйітті жуындырса, оған қатысты аманатты атқарса, одан көрген нәрсесін жасырса, күнәларынан анасынан туған күндегідей тазарып шығады» деген.

37. КЕБІНДЕУ

Кебін – қайтыс болған мұсылман адамды орайтын ақ мата. Мәйітті кебіндеу мұсылмандарға парыз кифая. Ер кісілерді үш қабат матамен, әйел адамдарды бес қабат матамен кебіндеу – сүннет. Мәйітті кебіндеуге имам-молдалар қатысып, қажетті нұсқауларын береді.

38. ЖАНАЗА НАМАЗЫ

Жаназа – қайтыс болған мұсылманға оқылатын намаз. Ханафи мәзһабында жаназа намазын өткізуге ең құзыретті кісі – ел басшысы, мүфти және ол тағайындаған жергілікті имам, молдалар. Жаназа оқылғанда мәйіттің оң жағын құбылаға қаратып, шалқасынан жатқызылады. Имам жамағаттан ілгері, мәйіттің көкірегі тұсында тұрады, төрт тәкбірмен зікір, дұғаларын оқып, екі жаққа сәлем беріп, намазды аяқтайды. Алғашқы тәкбірден кейін қосымша тәкбірлерде қол көтерілмейді.

39. ЖЕРЛЕУ

Мәйітті жуу, кебіндеу және жаназасын шығару сияқты марқұмды жерлеуге апару – парыз кифая. Мәйітті табытқа салып, қабірге жерлеуге алып барады, оны шарифат рәсіміне сай жерлейді. Соңында Құран оқып, сауабын марқұмға бағыштайды. Қабір басында «Мүлік» сүресін оқу – мұстахаб.

40. ЗИРАТТЫ ТАЗАЛАУ

Зират басын тазалау, мал баспауын қадағалау – тірілердің міндеті. Имам жамағатпен бірге көктем айларының бір күнін белгілеп, ер-азаматтар моланы тазалайды, ағаш егеді, марқұмдарды еске алып Құран бағыштайды. Оның мақсаты – қабірлерді ретке келтіру ғана емес, өмірден өткендерді еске алу, оларға дұға жасау, көпшілік арасында имандылыққа байланысты уағыз жүргізу, жұртшылыққа діни тәрбие беру.

41. АСҚА ҚАТЫСУ

Шарифатта жұртқа ас берудің сауапты іс екендігі баяндалған. Қазіргі күнде ас берудің бірнеше түрі бар. Айталық, ас қайғылы және қуанышты жағдайларда беріледі. Аста дүниелік әңгімелер емес, діни насихат айтылуы тиіс. Өйткені мұндағы басты мақсат – Алла Тағаланың разылығына жету. Ас берудің басында және соңында Құран оқылады, қажеттілікке орай имамдар уағыз-насихат айтады.

42. ҚҰРАН БАҒЫШТАУ

Құран Кәрімді оқу – мұсылмандарды Раббысына жақындататын абзал құлшылық. Оның әрбір әрібіне еселеген сауап беріледі. Шариғатымызда Құран оқудың нақты уақыты мен орны шектелмеген. Оны үйде немесе мешітте, хал үстінде жатқан кісіге немесе дүниеден өткен марқұмға, қабір басында немесе астарда т.б. жерлерде оқуға рұқсат етіледі. Астарда, мешіттерде бес уақыт намаздың соңында т.б. орындарда Құран бағыштауды имам-молдалар атқарады.

43. МЕШІТКЕ КЕЛГЕНДЕРГЕ ҚҰРАН ОҚУ

Дүниеден өткен марқұмдарды еске алып, артынан аят-дұға оқыту үшін және басқа да себептермен мешітке келген адамдарға Құран оқып беру – имам-молдалардың қызметі.

44. ҚАБІР БАСЫНА БАРЫП ҚҰРАН ОҚУ

Ақыретті еске түсіру әрі марқұмдарға дұға ету мақсатында қабірді зиярат ету – мұстахаб. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Қабірлерді зиярат етіңдер. Ол ақыретті еске түсіреді»*, – деген. Зиратқа барған адам немесе имам шариғат бекіткен талаптар мен әдептерді ұстанып, марқұмға Құран бағыштап, дұға еткені жөн.

45. ХАТЫМ-ҚҰРАН ОҚУ

Хатым-Құран дегеніміз – Құранды басынан соңына дейін толық оқып шығу. Мәйітке арнап «Хатым Құран» түсіріп, оның сауабын марқұмға бағыштауға болады. Хатымды қарилар және Құранды жетік оқи алатын имам-молдалар орындайды.